

бүгінгі жасаған таңдауы арқылы айқындайды. Содан болар, сайлаудың маңыздылығы және сайлаудағы әрбір дауыстың маңыздылығы да, міне, осында. Демократиялық қоғамның кез келген саналы азаматы өзінің белсенді сайлау құқығын тек қана құқығы ретінде емес, міндетім деп қабылдауы қажет. Жоғарыда атап кеткен мәселелерді қортындыласақ кімді сайлау керектігін айқындау үшін саяси сауатты болуы керек, айналамызда болып жатқан оқиғалардан, саяси партиялардың және олардың жетекшілерінің іс-әрекеттерінен, көзқарастарынан хабардар болу керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Амандықова С.К. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: оқу құралы. - Астана: «Фолиант», 2001.-33-38 бб.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы (2017 жылдың 10 науырыздағы өзгерістер мен толықтыр бойынша) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000051>
3. Исакова Г.К. Права человека в Республике Казахстан: Учеб.пособие. - Семипалатинск: Изд-во Семипалат.гос.ун-та., 2001 Ч.2. - 157с.
4. Қазақстан Республикасының Сайлау туралы Конституциялық заңы (2017 жылдың 1 қаңтардағы жағдайы бойынша өзгерістер мен толықтыр)//<http://adilet.zan.kz/docs/Z950002464>
5. Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Академиялық курс./Алматы:Жеті жарғы, 2004. 2-басылымы. -112-113бб
6. Матейкович М.С. Субъективные избирательные права граждан в системе прав и свобод личности//Правоведение. - 2003. - N1. - С. 31-39

## **АДАМНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

*Алиева И.Ж., заң факультетінің докторанты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Әлеуметтік-экономикалық құқықтар ішінде Қазақстан Республикасының конституциясында бекітілген адамының денсаулығын сақтау құқығы ерекше орын алады. Әлеуметтік құқықтар ішінде маңызды құқық ретінде танылып, басқа құқықтардың қолдануына үлкен ісерін тигізеді.

Адам және азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын бекітуде мемлекеттер әртүрлі даму жолдарын таңдаған болатын. Негізінен әлеуметтік-экономикалық құқықтардың туындауы ХХ ғасырда дүниежүзілік соғыстан кейін әлеуметтік мемлекет тұғырнамасымен бірге пайда болды деген тұжырымдамалар басым болғанымен ХІХ ғасырдың Конституцияларында меншікті, еркін сауда бостадығын бекітетін нормалар өз көрінісін тапқан болатын. Айтылып отырған құқықтар тобының бекітілуі Францияның 1793 жылғы Конституциясында келесі түрде толық сипатталған:

16 бап. Меншік құқығы әрбір азаматқа өзінің мүлкімен, кірістерімен, еңбегі мен кәсібінің жемістерімен қолдану және иеленуді білдіреді.

17 бап. Азаматтарға қандай да болсын еңбекпен, жер өңдеумен, кәсіппен, саудамен айналысуға тыйым салуға болмайды [1, 174]. Ал ХХ ғ. мемлекеттердің конституцияларына мемлекеттің экономикалық өмірге араласу мүмкіндігін бекітетін нормалар енгізіле бастады. Бірақ бұл нормалардың барлығы жалпы экономикалық тәртіпті бекітетін болғандықтан «норма-принцип», «норма-мақсат» түрлерінде бекітіледі. Адамның экономикалық құқықтарының дамуы негізінен дүниежүзілік соғыстан кейінгі «жалпыға бірдей игілікті мемлекет» теориясының қалыптасуы мен экономикасының дамуымен байланыстыруға болады. Осы бағытта экономикалық-әлеуметтік құқықтардың адам өміріндегі маңыздылығын анықтап, оларды Конституцияда қандай тәртіппен бекіту қажеттілігін айқындауға байланысты мәселелер туындай бастады. Өйткені Конституцияларда бекітілген негізгі құқықтар, оның ішіндегі экономикалық құқықтар адамның өміріне қажетті негізгі құқықтар сипатына ие болады және де осы жағдайға байланысты мемлекет алдында осы құқықтардың тікелей әрекет етуін қамтамасыз ету мәселесі туындады. Оның себебі адамның жеке және саяси құқықтарының Конституцияға сай тікелей әрекет етуін қамтамасыз етуге болғанымен, экономикалық құқықтардың жүзеге асырылуы мемлекеттегі қалыптасқан саяси тәртіп пен экономиканың дамуына әрқашанда бағынышты. Әлеуметтік-экономикалық құқықтарды бекітерде мемлекеттің алдында бір жағынан жеке тұлғалардың еріктерін қамтамасыз етудің кепілдіктері мен екінші жағынан өмір сүруге қажетті игіліктерді үлестіруді жүзеге асыру мәселесі туындады. Осы жағдайға байланысты мемлекеттерде әлеуметтік-экономикалық құқықтарды конституцияда бекіту

өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Адам және азаматтардың құқықтарын бекітуде КСРО-ның 1936 жылғы Конституциясы сол уақыттағы режимге тән адам еріктері мен бостандықтарын сақтай отырып, олардың қолдануы еңбек етушілердің мүдделеріне сай болу қажеттілігін бекітті. 1936 жылғы КСРО мен 1937 жылғы Қазақ ССР-ның Конституциясының адам құқықтары мен бостандықтарына арналған VIII тарау негізінен адамға деген «мемлекеттің қамқорлығын» бекітті.

Тәуелсіздігін алғаннан кейін Қазақстан Республикасы өзін әлеуметтік мемлекет ретінде бекітіп, адамның қадір қасиетіне сай өмір сүруі мен еркін дамуына жағдай жасау саясатын жүргізеді. Әлеуметтік мемлекет ретінде қызметін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан алдында ҚР Конституциясы мен халықаралық нормалармен бекітілген Қазақстан Республикасы Конституциясының 13 бабында бекітілген азаматтардың денсаулық сақтау құқығы жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің маңызды элементі болып, замануи мемлекеттер мен адам арасындағы қатынастардың құқықтық негізін қалыптастырды. Денсаулықты сақтау құқығының толық және сапалы орындалуы жеке тұлғаның еңбек ету бостадығына, адамның қадір-қасиетіне сай өмір сүру, тынығуға деген конституциялық құқықтарының тиімді жүзеге асырылуының кепілі болып келеді. Сонымен бірге әлеуметтік мемлекет ретінде Қазақстанның өзін танытуы адамның қадір қасиетіне сай өмір сүруі мен еркін дамуына жағдай жасау саясатын жүргізіп отырады. Ал мемлекет пен халықаралық қауымдастық арасындағы денсаулық саласындағы қарым-қатынастың құқықтық негіздеру БҰҰ басты құжаттарында көрініс тапқан.

Адамның денсаулық сақтау құқығының нормативтік негізін 1948 жылы қабылдаған Жалпыға бірдей адам құқықтары туралы Декларация қалыптастырды. Аталмыш құжаттың 25 бабында «Әр адам өзінің және отбасы мүшелерінің денсаулығын әл-ауқатын қамтамасыз ететіндей, тамақты, киімді, баспананы, медициналық күтімді қамтитын өмір сүру деңгейіне құқылы және де жұмыссыз қалған күнде, науқас болған кезде, мүгедек болып қалған, жесір болып қалған күнде, қартайған шақта, немесе өзіне байланысты емес басқа да себептермен тіршілік ету мүмкіншілігінен айырылып қалған жағдайда қамсыздандырылуына құқылы» адамның өмір сүруі мен денсаулығын сақтауға байланысты құқықтар танылып, жариаланған болатын.

1966 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы» Пактіні бекітіп, осы топтағы оның ішінде адамның денсаулық сақтау құқығының мәртебесін конституциялық құқықтар жүйесінде анықтап, пактіге қосылған мемлекеттерге осы топтағы құқықтарды қамтамасыз ететін ұлттық нормативтік негіздерді қалыптастыру міндетін жүктеген болатын.

Құқықтық табиғатына байланысты азаматтардың денсаулық сақтау конституциялық құқығы әлеуметтік-экономикалық құқықтар тобына жатқызылады. Адамның денсаулық сақтау құқығының мазмұнының ашып қарастыратын болсақ, онда оның келесідей ұғымдар мен категориялардан тұратынын байқауға болады: физикалық және психикалық денсаулықтың мемлекет тарапынан қамтамасыз ететін ең жоғарғы деңгейге адамның ие болу құқығын білдіре отырып, әр-түрлі медициналық қызметке, санитарлық-гигиеналық, қажетті тамақтану жағдайына, қадір қасиетіне сай тұрғын үйге және еңбек етумен қолайлы қоршаған ортада тұру мүмкіндіктерін білдіреді. Сонымен қатар адамның денсаулық сақтау құқығы екі деңгейде қарастырылады:

- Халықтың денсаулығын қорғау;
- Жеке тұлғаның денсаулығын қорғау.

Халық денсаулығын қорғау институты адамның денсаулығын сақтау құқығының ең ежелгі түрі болып келеді. Халық денсаулығын сақтау саласындағы алғашқы нормалар моральды акт түрінде пайда болған болатын. Бұл актілердің ерекшелігі ретінде жалпы халық денсаулығын қамтамасыз ету мақсатында жеке тұлғалардың құқықтарын шектейтін нормалар сипатында болды.

Адамның денсаулықты сақтау құқығы өзінің мазмұнына байланысты медициналық көмек алу құқығының түсінігімен салыстырғанда кең ұғымды қалыптастырады. Адамның денсаулық сақтау құқығын қамтамасыз ету көптеген мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметімен байланысты. Бірақ басқа конституциялық құқықтар сияқты адамның ажырамас құқықтарының қатарына кіреді. Адамның денсаулық сақтау құқығын қамтамаыз ету үшін қоршаған ортаны қорғап, еңбек етуге, тынығуға, демалуға қолайлы жағдай жасап, тұрғындарға қолжетімді медициналық-әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету керек. Мемлекет адамдардың денсаулық сақтау құқығын жынысына, тегіне, діни көзқарасына, әлеуметтік жағдайына қарамастан қамтамасыз етуі керек.

Халықаралық деңгейде «денсаулық сақтау» ұғымының стандартты түрдегі ұғымы нақты қалыптаспаған. Шетел ғалымдары бұл ұғымды тек дәрігерлік көмек алу ретінде ғана қарастырмай, аурулардың профилактикасы, патронаж, денсаулыққа қажетті өмір сүрі деңгейі т.б. ұғымдармен байланыстырады. Халықаралық құқықтық нормаларда да «денсаулықты қорғау» ұғымы әр түрлі

сипатта берілген. Мысалы Еуропа Әлеуметтік хартиясы денсаулықты сақтауға бағытталған шаралар ретінде ауру салдарын алдын алу, денсаулықты нығайтуға бағытталған кеңес беру мекемелерін құрып, адамдардың өз денсаулығына деген жауапкершілікті қалыптастырып, эпидемиалық ауруларды алдын алу шаралары ретінде бекіткен[2]. ТМД-ның 1995 жылы қабылдаған «Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы» Конвенциясы «денсаулықты сақтау» ұғымын Еуропа әлеуметтік хартиясында бекіткендей бекітіп отыр.

Ұлттық заңнамада адамның денсаулығын сақтау құқығы конституциялық құқықтар қатарына кіріп, адамның базалық құқықтарын қалыптастырады. Көптеген мемлекеттерде адамдардың денсаулық сақтау құқығы бекітіле отырып, қосымша мемлекетке міндеттер де жүктейді. ҚР конституциясының 29 бабында «Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар» деп бекітілген болса[3], Ресей Федерациясының конституциясының 41 бабы «Әр кімнің де денсаулық сақтау құқығы мен медициналық көмек алуға құқығы бар» екені бекітілген[4]. Адамның денсаулық сақтау құқығы ТМД мемлекеттерінің конституцияларының барлығында дерлік бекітілген. Аталмыш құқықты қамтамасыз ету үшін мемлекетте арнайы шаралар өткізу міндеттер де конституциялық нормаларда көрініс тапқан. Мысалы, адамның денсаулығына сай қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету міндеті Қазақстан конституциясынан басқа Азирбайжан, Армения, Беларусия, Грузия, Қырғыз Республикасы, Тажікістан конституцияларында бекітілген. Дене шынықтыру мен спортты дамыту міндеті Армения, Беларусия, Украина конституцияларының нормаларында көрініс тапқан.

ҚР конституциясының 29 бабының мазмұнына сүйене отырып, адамның денсаулығын сақтау құқығын келесі үш элементін бөліп, шығаруға болады – денсаулықты сақтау, оны нығайту және медициналық көмек алу арқылы қалпына келтіру. Сол себептен адамның денсаулық сақтау құқығы конституцияда бекітілген басқа да құқықтармен тығыз байланысты. ҚР конституциясында бекітілген денсаулық сақтау құқығымен тығыз байланысты құқықтарға:

- Конституцияның 15 бабында бекітілген әркімнің өмір сүруге құқығы;
- 17 баптағы Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды деген норма;
- 24 бапта бекітілген әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар;
- 27 баптағы неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болуы;
- 28 бапта бекітілген Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі[3].

Ағымдағы заңнама конституциялық нормалардан бөлек адамдардың денсаулығын сақтау ұғымын барынша толық ашып көрсеткен. Мысалы Ресей Федерациясының 23.11.2011 жылғы «Ресей Федерациясындағы адамдардың денсаулығын сақтаудың негіздері» заңында «азаматтардың денсаулығын сақтау – әр адамның физикалық және психикалық денсаулықтарын сақтау мен бекітуге, оның ұзақ және белсенді өмір сүруін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдармен жүзеге асырылатын саяси, экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, ғылыми, медициналық, оның ішінде санитарлық-эпидемиалық сипаттағы жүргізілетін шаралары» деп бекітілген[5]. ҚР 18.09.2011 жылғы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексында Ресей заңындағыдай нақты анықтама берілмеген[6].

Адамдардың денсаулық сақтау құқығын қамтамасыз етуге байланысты туындайтын құқықтарды үш топқа бөліп топтастыруға болады:

1. Адамның денсаулық сақтау саласындағы құқықтары

- Денсаулықты сақтау құқығы;
  - Денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы ақпарат алуға құқығы;
  - Медициналық-санитарлық көмек алуға құқықтары.
2. Тұрғындардың кейбір топтарының денсаулық сақтау саласындағы құқықтары:
- Отбасы мүшелерінің медициналық көмек алуға құқықтары;
  - Аналар мен әйелдер құқықтары
  - Кәмлетке толмағандардың құқықтары .
  - Әскери қызметкерлердің құқықтары.
  - Қарт адамдардың құқықтары.
  - Мүгедектердің құқықтары.

- Экологиялық қолайсыз аумақтарда тұратын тұрғындардың құқықтары
- Бас бостандығынан айырылғандардың медициналық көмек алуға құқықтары.

### 3. Пациенттердің құқықтары

- Пациенттердің жалпы құқықтары
- Медициналық қызмет алатын кейбір категориядағы пациенттер құқықтары

(трансплантология, психиатрия, иммунопрофилактика тағы басқалары).

Сонымен, ҚР мен басқада ТМД мемлекеттерінің конституцияларында бекітілген әр адамның денсаулығын сақтауға құқығына жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, әлеуметтік және лауазымдық жағдайына қарамастан, діни нанымына және тағы басқа жағдайларға қарамастан барлық адамдарға тән болып келеді. Әр адамның денсаулық сақтау құқығы ҚР территориясында жүрген шет ел азаматарына да тарайды. Ал адамның денсаулық сақтау конституциялық құқығы тұрғындарға келесідей мүмкіндіктер қалыптастырады:

- Өз денсаулығын қорғау мақсатында медициналық мекемелерге жүгінуге;
- Білікті медициналық кеңес немесе көмек алуға;
- Денсаулығына әсер ететін қоршаған орта туралы мемлекеттік органдардан ақпараттар талап етуге;
- Денсаулық сақтау құқығын қорғауға құқығы бар.

### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Государственное (конституционное) право зарубежных стран. Общая часть / Под.ред.Б.Б Старшун. - М.: Бек, 1996. – 590 с.
- 2 Европейская социальная хартия // [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc](http://www.consultant.ru/document/cons_doc)
- 3 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)
- 4 Конституция Российской Федерации. 12 декабря 1993 года // [www.constitution.ru](http://www.constitution.ru)
- 5 Федеральный закон от 21.11.2011 N 323-ФЗ (ред. от 29.07.2017) "Об основах охраны здоровья граждан в Российской Федерации" // [www.consultant.ru](http://www.consultant.ru)
- 6 Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Кодексі // [www.adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

*Ильясов Қ., заң факультетінің докторанты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ  
Божқараұлы А., з.ғ.к., доцент, конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының  
меңгерушісі*

Әртүрлі ұлттық және діни топтардың бейбіт өмір сүруі негізінен мемлекеттің ұстанған саясатына байланысты. Қазақстан Республикасында конфессияаралық және ұлтаралық келісім - мемлекеттің тұтастығы мен оның демократиялық реформалар жолындағы жетістіктері үшін қажетті жағдайлардың бірі. Осыған орай Президент Нұрсұлтан Назарбаев: «Біздегі ұлтаралық және дін-аралық келісімнің моделі – бүкіл әлемдегі түрлі конфессиялар арасындағы қарым-қатынас ісіне Қазақстанның қосқан қомақты үлесі» [1] деп айтқан болатын.

Қазақстан Республикасының Конституциясының бірінші бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген, ал 19 бабының 1 тармағында «Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы» деп көрсетілген[2]. Бұл дегеніміз, біріншіден дін мен мемлекеттің бөлінгенін, діни бірлестіктердің мемлекеттік билікке араласа алмайтындығын білдірсе, екіншіден азаматтардың ар-ождан бостандығы абсолютті құқық екенін және оны ешқандай жағдайда шектеуге болмайтындығын білдіреді.

Сонымен бірге кәзіргі уақытта адам құқықтары мен діни сенім бостандығы ұғымдары халықаралық құқықтық нормалармен де анықталады. Бұл нормалардың ішіндегі ең маңыздысы БҰҰ-ның 1948 жылы қабылдаған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы». Осы декларацияның 2 бабында «Әр адам, нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе